*дополнительное сервисное обслуживание не распространяется на электрические водонагреватели, микроволновые печи, холодильники моделей HRB-331, морозильники, газовые плиты, пылесосы, пылесосы-роботы, телевизоры, приставки телевизионные, планшетные компьютеры, ноутбуки, мобильные телефоны, гироскутеры.

Қауіпсіздік туралы ескерту

Орнату

Электр тоғы соғу қаупі

- Қандай да бір жұмыс немесе техникалық қызмет көрсету алдында құралды электр желісінен ажыратыңыз.
- Жерге тұйықталған ақаусыз жүйеге қосылу маңызды әрі міндетті болып саналады.
- Үйдегі электр сымын өзгерту жұмысын тек білікті электрші атқаруға тиіс.
- Бұл кеңесті сақтамау электр тоғының соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Кесу қаупі

- Абай болыңыз – панель шеттері өткір.
- Ескертуді елемей жарақаттануға не кесіп алуға әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулықтар

- Бұл құрылғыны орнату немесе пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Бұл құрылғыға жанғыш материалдар немесе өнімдер қоймаған жөн.
- Бұл ақпаратты құрылғыны орнатуға жауапты тұлғаға беріңіз, өйткені бұл орнатуға кететін шығынды азайтуы мүмкін.
- Қауіпті жағдайдың алдын алу үшін бұл құрылғы осы орнату нұсқауларына сәйкес орнатылуы керек.
- Құрылғыны білікті тұлға дұрыс орнатуға және жерге тұйықтауға тиіс.
- Құрылғыны қуат көзінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқышпен жабдықталған тізбекке қосқан жөн.
- Құрылғыны қате орнату кепілдікті жойып, сақтандыру ақысын талап ету құқығынан айыруы мүмкін.

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету

Электр тоғы соғу қаупі

- Сынған немесе шытынаған пісіру панеліне ас әзірлемеңіз. Егер пісіру панелінің бетінде сынықтар немесе жарықтар тапсаңыз, құрылғыны дереу электр желісінен ажыратыңыз (қабырғадағы сөндіргіш) және білікті маманмен байланысыңыз.
- Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында пісіру панелін қабырғадағы сөндіргіш көмегімен өшіріңіз.
- Бұл кеңесті сақтамау электр тоғының соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Денсаулыққа қаупі

- Бұл құрылғы электрмагниттік қауіпсіздік стандарттарына сай келеді.
- Дегенмен, жүрекширатқышы немесе басқа электрлі имплантаты (мысалы, инсулин дозаторлары) бар тұлғалар имплантатқа электрмагнит өрісі әсер етпес үшін бұл құрылғыны пайдаланар алдында өз дәрігерімен немесе имплантат өндірушімен кеңесуге тиіс.
- Бұл кеңесті елемей өлімге әкелуі мүмкін.

Ыстық бет қаупі

- Пайдаланғанда құрылғының қолжетімді бөліктері күйіп қалуға себеп болатын температураға дейін қызуы мүмкін.
- Керамикалық әйнекке қандай да бір дене бөлігімен, киім немесе сәйкес келетін ыдыстан басқа заттармен әйнек беті суығанша жанасуға болмайды.
- Пышақтар, шанышқылар, қасықтар және қақпақтар сияқты металл заттарды пісіру панелінің бетіне қоймаңыз, себебі олар қатты қызып кетуі мүмкін.
- Пісіру панеліне балаларды жақындатпаңыз.
- Кәстрөл тұтқасы ыстық болуы мүмкін. Олардың жұмыс істейтін ас пісіру алаңдарының үстінде орналаспауын қадағалаңыз. Балалар ыдыс-аяқтың тұтқасына жете алмайтындығына көз жеткізіңіз.
- Осы ұсынысты орындамау күйікке және ыстық будың шарпуынан күйіп қалуға әкелуі мүмкін.

Кесу қаупі

- Сақтандырғыш қақпағын алғанда пісіру панелін тазалауға арналған қырғыштың жүзі ашылады. Өте сақтықпен қолданыңыз және қауіпсіз, әрі балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Ескертуді елемей жарақаттануға не кесіп алуға әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулықтар

- Пайдалану барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Қайнау бу шығуына және май ағуына әкеледі, ол тұтануға себеп болуы мүмкін.
- Құрылғыны жұмыс істейтін немесе зат сақтайтын бет ретінде қолданбаңыз.
- Құрылғы бетінде қандай да бір зат немесе ыдыс қалдырмаңыз.
- Магниттенетін заттарды (мысалы, несие карталары, жад карталары) немесе электрондық құрылғыларды (мысалы, компьютерлер, MP3-плеерлері) құрылғының жанына қоймаңыз және қалдырмаңыз, өйткені оның электромагниттік өрісі оларға әсер етуі мүмкін.

- Бұл құрылғыны бөлмені қыздыру немесе жылыту үшін пайдалануға тыйым салынады.
- Пайдаланғаннан кейін ас әзірлейтін орындар мен пісіру панелін әрдайым осы нұсқаулықта көрсетілгендей (яғни, сенсорлы басқару көмегімен) сөндіріңіз. Таба немесе кәстрөлдерді алып тастағаннан кейін пісіру алаңдарын өшіру үшін ыдысты анықтау функциясына сенбеу керек.
- Балалардың құрылғымен ойнауына, оған отыруына не тұруына және шығуына рұқсат бермеңіз.
- Құрылғының жоғарғы жағындағы шкафтарға балаларды қызықтыратын заттар қоймаңыз. Балалар пісіру панеліне шығуға тырысқан кезде ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Құрылғы қолданылатын жерде балаларды жалғыз не қараусыз қалдырмаңыз.
- Балаларға немесе мүгедектерге құрылғыны пайдалану бойынша нұсқаулықты жауапты және құзыретті адам беруі керек. Нұсқау беретін адам аталған адамдардың құрылғыны өзіне немесе айналасындағыларға қауіп төндірмей пайдалана алатынына көз жеткізуі керек.
- Нұсқаулықта кеңес берілмесе, құрылғының кез келген бөлігін жөндемеңіз және ауыстырмаңыз. Кез келген басқа қызметті білікті техникалық маман атқаруға тиіс.
- Пісіру панелін тазалау үшін бутазартқыш қолданбаңыз.
- Пісіру панеліне ауыр зат қоймаңыз және құлатпаңыз.
- Пісіру панеліне шықпаңыз.
- Индукциялық әйнекті сырып алмау үшін шеті үшкір ыдыс пайдаланбаңыз және ыдысты әйнек бетімен сырғытпаңыз.
- Тазалау үшін металл ысқыш немесе басқа абразивті жуғыш құралдар қолданбаңыз, олар индукциялық әйнекті сырып тастауы мүмкін.
- Қуат беру сымы зақымдалған жағдайда, оны өндіруші, қызмет көрсетуші ұйым немесе жеткілікті білім-білігі бар тұлғалар ауыстыруға тиіс. Әйтпесе, электр тогы соғу немесе аспап бүліну қаупі бар.
- Бұл құрылғы тұрмыстық және соған ұқсас жағдайларда пайдалануға арналған, мысалы: - дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орындарындағы қызметкерлерге арналған ас үй аймағы; - ферма үйлері; - клиенттердің қонақүйлерде, мотельдерде және басқа да тұрғын үйлерде пайдалануы; - “төсек және таңғы ас” сияқты мекемелер.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Құрылғы мен оның қолжетімді бөліктері пайдалан кезде қызады.

Сақтық танытып, қыздыратын элементтерге жанаспау керек.

8 жасқа толмаған балаларды пісіру панеліне жақындатуға немесе оларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

- Бұл құрылғыны егер оларға бақылаушы адам берілсе немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар берілсе және олар мүмкін қауіптермен таныс болса, 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдар қолдана алады.
- Балаларға жабдықпен ойнауға тыйым салынған. Балалар үлкендердің қарауынсыз тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді жүргізбеуі керек.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Пісіру панелінде май май қолданып, ұқыпсыз пісіру қауіпті және өртке әкелуі мүмкін. Өртті сумен сөндіруге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**; өрт болған жағдайда құрылғының қуатын өшіріңіз, содан кейін жалынды қақпақпен немесе өртке қарсы көрпемен жабыңыз.
- ЕСКЕРТУ: Өрт қаупі: тағам дайындайтын жерлерде ешбір затты сақтауға тыйым салынады.
- Назар аударыңыз: Егер бетінде жарықтар пайда болса, электр тоғының соғуын болдырмау үшін құрылғыны өшіріңіз, бұл шыны керамикалық плиталардың немесе тоқ өткізгіш бөліктерді қорғайтын ұқсас материалдардың беттеріне қатысты.
- Бутазартқышты қолдануға болмайды.
- Құрылғы сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі арқылы басқаруға арналмаған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Ас әзірлеу процесін қадағалау қажет. Қысқа мерзімді ас әзірлеу процесін үздіксіз қадағалау керек.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Өндіруші әзірлеген немесе ол пайдалану нұсқаулығында сәйкес деп көрсеткен немесе пісіру панелімен бірге жеткізілген пісіру панелі қорғағыштарын пайдалану қажет. Жарамсыз қоршауларды пайдалану апатқа әкелуі мүмкін.

Құрылғының қалыпты жұмыс істеуі үшін жермен тұйықтау арқылы қосу қажет.

Жаңа индукциялық пісіру панелін сатып алуыңызбен **құттықтаймыз**.
 Оны қалай дұрыс орнату және пайдалану керектігін түсіну үшін біраз уақыт бөліп, осы нұсқаулықты/ орнату нұсқаулығын оқып шығуды ұсынамыз.
 Орнатуды бастамас бұрын «Орнату» бөлімімен танысу керек.
 Қолданар алдында барлық қауіпсіздік нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз және кейінірек пайдалану үшін осы нұсқаулықты / орнату нұсқаулығын сақтап қойыңыз.


Өнім туралы жалпы ақпарат

Үстінен қарағандағы көрінісі



1. 200×190 мм 2300 Вт
Қуатты 3300 Вт-қа дейін арттыру (Boost).
2. 200×190 мм 2300 Вт
Қуатты 3300 Вт-қа дейін арттыру (Boost).
3. 180 мм 2000 Вт
Қуатты 2600 Вт-қа дейін арттыру (Boost).
4. 160 мм 1500 Вт
Қуатты 2000 Вт-қа дейін арттыру (Boost).
5. Кеңейту аймағы (Flex)
6. Шыны панль
7. Басқару панелі


Басқару панелі



- | | |
|-----------------------|---|
| 1. Пісіру аймақтары | 7. Өрісті кеңейту өрісі (Flex) және гриль функциялары |
| 2. Таймер өрісі | 8. Шоколадты балқыту функциясы |
| 3. «Қыздыру» өрісі | 9. Баяу отта бұқтыру функциясы |
| 4. Бұғаттау өрісі | 10. Қуыру функциясы |
| 5. “ҚОСУ/ӨШІРУ” өрісі | 11. Суды тез қайнату |
| 6. «Пауза/Пуск» өрісі | |

Индукциялық аспазхана туралы жаднама

Индукциялық аспазхана - бұл қауіпсіз, жетілдірілген, тиімді және үнемді ас пісіру технологиясы. Тағам шыны бетін қыздыруды айналып өтіп, тікелей ыдыста жылу шығаратын электромагниттік тербелістердің көмегімен пісіріледі. Шыны ыдыс оны жанама түрде қыздыратындықтан ғана қызады.




Жаңа индукциялық пісіру бетін қолданар алдында

- «Қауіпсіздік техникасын сақтау туралы ескертулер» бөліміне ерекше назар аудара отырып, осы нұсқаулықты оқыңыз.
- Индукциялық пісіру панелінде қалған қорғаныш қабықшасын алып тастаңыз.

Сенсорлы басқаруды пайдалану

- Басқару элементтері жанасқанды сезеді, сондықтан күш салудың қажеті жоқ.
- Саусақ ұшын емес, жұмсақ шетін қолданыңыз.
- Әрбір сәтті басқаннан кейін қысқа дыбыстық сигнал естисіз.
- Басқару элементтері әрқашан таза, құрғақ және қандай да бір заттармен (мысалы, ыдыс-аяқ немесе мата) жабылмағанына көз жеткізіңіз. Тіпті аз ғана су да басқару элементтерін пайдалануды қиындатуы мүмкін.



Асүй ыдысын таңдау




- Түбі индукциялық жолмен ас пісіруге жарайтын ыдыс қана қолданыңыз. Қаптамасында немесе түбінде индукция белгісі бар ыдыстарды іздеңіз.
- Ыдыстардың индукциялық пешпен үйлесімділігін магниттік сынақ арқылы тексеруге болады. Ыдыс түбіне магнитті жақындатыңыз. Егер ол тартылса, онда ыдыс индукцияға жарайды.
- Егер магнит болмаса:
 1. Тексергіңіз келетін ыдысқа аздап су құйыңыз.
 2. Егер дисплейде  көрсетілмесе және су қызып кетсе, контейнер индукциялық плитаға жарамды.
- Келесі материалдардан жасалған ыдыс жарамайды: таза тат баспайтын болат, алюминий немесе магниттік негізі жоқ мыс, шыны, ағаш, фарфор, керамика және саз.




Түбі кетік немесе қисық ас үй ыдыстарын пайдаланбаңыз.



Ыдыс табаны тегіс, түбі әйнекке тығыз жанасатын және көлемі ас әзірлейтін аймаққа сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Астыңғы диаметрі таңдалған пісіру алаңының графикалық контурымен бірдей ыдысты пайдаланыңыз. Үлкенірек кәстрөл немесе таба қолданғанда энергия барынша тиімді қолданылады. Кішірек ыдысты пайдаланған кезде тиімділік күтілгеннен төмен болуы мүмкін. Ыдысты әрқашан пісіру алаңының ортасына қою керек.



Ыдысты керамикалық пісіру бетімен сырғытпай, көтерген дұрыс, өйткені әйнек сырылып кетуі мүмкін.



Ыдыс көлемі

Ас әзірлеу аймақтары автоматты түрде ыдыс диаметріне бейімделеді. Дегенмен ыдыс табанының диаметрі тиісті ас әзірлеу аймағына сәйкес келетін минимал мәнге ие болуға тиіс. Пісіру панелі барынша тиімді болу үшін ыдысты ас әзірлеу аймағының ортасына қойыңыз.

Индукциялық ыдыс табанының диаметрі

Ас әзірлеу аймағы, диаметр (мм)	Түбінің минималды диаметрі (мм)
160	100
180	120
Кеңейту аймағы (Flex)	240

Индукциялық пісіру панелін пайдалану

Ас әзірлеудің басталуы

1. Қосу / өшіру өрісін түртіңіз ①
Қуат қосылғаннан кейін бір дыбыстық сигнал шығады және барлық дисплейлерде “ - “ немесе” - - “ көрсетіледі. Бұл индукциялық панель күту режиміне енгенін білдіреді.
2. Сәйкес келетін ыдысты қолданғыңыз келетін ас әзірлейтін аймаққа қойыңыз. Ыдыс түбі мен ас әзірлеу аймағының беті таза әрі құрғақ екенін тексеріңіз.
3. Қыздырылатын аймақтың таңдау өрісін түртіңіз, өріс жанындағы индикатор жыпылықтайды.
4. Жүгірткіні пайдаланып, қажетті деңгейді орнатыңыз.
 - а. Егер сіз қыздырылған аймақты бір минут ішінде таңдамасаңыз, пеш автоматты түрде өшеді. Қайта 1-қадамнан бастаған жөн.

- b. Қыздыру баптауын ас әзірлеу барысында кез келген уақытта өзгертуге болады.
- c. Деңгейлерді 1-ден 15-ке дейінгі жүгірткі арқылы реттеуге болады.

Егер дисплейде белгішесі қыздыру параметрлерімен кезектесіп жыпылықтаса

Бұл мынаны білдіреді:

- сіз ыдысты дұрыс ас әзірлеу аймағына қоймадыңыз немесе
- Сіз пайдаланып жатқан ыдыс индукциялық пісіруге жарамсыз немесе
- ыдыс тым кішкентай не ас әзірлеу аймағының ортасына қойылмаған.

Ас әзірлеу аймағына жарамды ыдыс қойғанша қызбайды.

Егер бір минут ішінде ас әзірлеу аймағына сәйкес келетін ыдыс қоймасаңыз, дисплей автоматты түрде сөнеді.

Ас әзірлеп болған соң

1. Сөндіргіңіз келетін ас әзірлеу аймағын басқару элементін басыңыз.
2. Жүгірткінің сол жағын «0» пайда болғанша біраз уақыт басып тұрыңыз.
3. Плитаны толығымен өшіру үшін ON/OFF басқару элементін түртіңіз.
4. Қызып тұрған беттерден сақ болыңыз. «H» көрсеткіші қай аймақ ыстық екенін көрсетеді. Бет қауіпсіз температураға дейін суыған кезде өшеді. Энергия үнемдеу мақсатында, басқа ыдыстарды қыздыруды қаласаңыз, әлі ыстық күйде тұрған пісіру панелін пайдаланыңыз.

Boost функциясын пайдалану

Boost – бір аймақтың қуатын 5 минутқа лезде арттыру мүмкіндігі. Сөйтіп, сіз қуатын барынша арттырып, тез ас әзірлей аласыз.


Қуатты арттыру үшін Boost функциясын пайдалану

1. Қуатын арттырғыңыз келетін пісіру аймағының таңдау өрісін түртіңіз, өрістің жанындағы шам жыпылықтай бастайды.

1. Жүгірткінің оң жағындағы \$ өрісін біраз уақыт басып тұрыңыз. Сандық индикатордағы «Р» белгішесі Boost функциясын қосқаныңызды білдіреді
2. Boost функциясын іске қосқаннан кейін ол 5 минут жұмыс істейді.
3. Көрсетілген 5 минут ішінде қуатты арттыру функциясын өшіру қажет болса, пісіру алаңын таңдау өрісін түртіңіз - өріс жанындағы индикатор жыпылықтайды. Содан кейін жүгірткідегі кез келген жерді екі рет түртіңіз. Пісіру аймағы Boost функциясынан шығады және оған дейін таңдалған соңғы қуат деңгейін көрсетеді.

Boost функциясын қолданудағы шектеулер

Бұл пісіру панелінің әр аймағы Boost функциясымен жұмыс істей алады. Аймақтар екі топқа бөлінеді, егер бір топтың қуатын арттыру қажет болса, алдымен осы топтың ішіндегі басқа аймақтың қуатын **13** дейін немесе одан да аз азайту керек. Егер бұл орындалмаса, таңдалған аймақтың дисплейінде таңба пайда болады **9** қуат деңгейі автоматты түрде орнатылады. Егер бір аймақ Boost **P** режимінде болса, сол топтағы басқа аймақты **13** мәнінен үлкен мәнге орнату мүмкін емес.




Кеңейту аймағы (Flex)

- Кез келген уақытта ас дайындау қажеттігіне байланысты бір аймақ немесе әртүрлі екі аймақ қолданылуы мүмкін.
- Кеңейту аймағы бөлек басқаруға болатын тәуелсіз екі индуктордан жасалған. Кеңейту аймағы бір аймақ ретінде жұмыс істегенде, ыдыс бастапқыда контейнер орнатылған аймақтағы қуат деңгейін сақтай отырып, кеңейту аймағының ішінде бір аймақтан екіншісіне жылжиды, ал ыдыссыз бөлік қыздырылмайды.
- Маңызды: ас үй ыдысын бір ас пісіру аймағының ортасына қойған жөн.

Үлкен кәстрөлдерді, сопақша, төртбұрышты және ұзартылған кәстрөлдерді пайдаланған кезде, олардың екі айқас таңбаны да жауып, пісіру алаңының ортасында орналасқанына көз жеткізіңіз.

Дұрыс қою және дұрыс қоймау мысалдары:



Бірыңғай үлкен аумақ ретінде

1. Кеңейту аймағын жалғыз үлкен аймақ ретінде белсендіру үшін сәйкес өрісті нұқыңыз.
2. Қуат орнатулары кез келген стандартты аймақ сияқты орнатылады.

Бөлек екі аймақ ретінде

Кеңейту аймағын әртүрлі қуат орнатулары бар екі тәуелсіз аймақ ретінде пайдалану үшін сәйкес өрісті қайтадан басыңыз, сонда аймақтар бұрынғы орнатуларына оралады.

Кеңейту аймағын пайдалану

1. Кеңейту аймағы ретінде пайдаланғыңыз келетін бір аймақты таңдаңыз, содан кейін кеңейту үшін топтастырылған аймақ индикаторы арасындағы flex өрісін басыңыз. Дисплейде «□» деген жазу пайда болады, кеңейту аймағы (flex) функциясы белсенді.
2. Кеңейту аймағын өшіру үшін топтастырылған аймақтар үшін flex өрісін басыңыз, сонда кеңейту аймағы өшеді.

Барбекю функциясын пайдалану

Барбекю - кеңейту аймағы режимінде қолданылатын функция, ол гриль жасауға қолайлы деңгейде ыдыстардың бетіндегі температураны сақтайды.



3 сек

1. Барбекю үшін пайдаланғыңыз келетін пісіру алаңының жүгірткісін түртіңіз, сонда перне жанындағы индикатор жыпылықтайды. Содан кейін flex өрісін біраз уақытқа (3 секунд) басыңыз. Кеңейту аймағының жанындағы индикатор Ξ көрсетеді содан кейін барбекю режимі үшін таңдалған аймақ индикаторы «b», «q» көрсетеді.
2. Барбекю функциясынан шығу үшін барбекю режимінде тұрған пісіру аймағының жүгірткісін түртіңіз, содан кейін кеңейту аймағының flex өрісін түртіңіз. Барбекю функциясы өшеді.

«Қыздыру» функциясын пайдалану

1. Қыздыру функциясын қосқыңыз келетін пісіру алаңының жүгірткісінің ең сол жақ жиегін басып (3 секунд) және ұстап тұрыңыз. Қыздыру функциясы қосылады және дисплейде «A» белгішесі пайда болады.
2. Қыздыру функциясынан шығу үшін жүгірткідегі өрісті 3 секунд басып тұрыңыз.

«Пауза/Пуск» функциясын қолдану

1. Ас әзірлейтін аймақ жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. $\triangleright||$ өрісін түртіңіз, пісіру алаңының индикаторында « $||$ » көрсетіледі.
3. Содан кейін индукциялық панельдің жұмысы барлық пісіру аймақтарында тоқтатылады, үзіліс/бастау, қосу/өшіру және құлыптау өрістері белсенді болады.
4. Үзіліс күйінен бас тарту үшін $\triangleright||$ өрісін басыңыз, сонда пісіру алаңы бұрын орнатқан қуат деңгейіне оралады.

Басқару элементтерін бұғаттау

- Байқаусызда пайдаланудың алдын алу үшін, мысалы, балалар ас пісіру аймағын абайсыз қоспау үшін басқару элементтерін бұғаттай аласыз.
- Басқару элементтері бұғатталған кезде, қосу/ өшіруден басқасының бәрі өшіріледі.

Басқару элементтерін бұғаттау үшін

 бұғаттауын басқару өрісін түртіңіз таймер индикаторында «**L O**» көрсетіледі.
3 сек

Басқару элементтерін бұғаттан шығару

1. Индукциялық пісіру панелі қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Бұғаттау өрісін түртіп ұстап тұрыңыз (3 секунд).
3. Енді индукциялық пісіру панелін пайдалана бастауға болады.



Пісіру панелі құлыптау режимінде болғанда, қосу/өшіруден басқа барлық басқару элементтері ажыратылады; төтенше жағдайда сіз әрқашан қосу/өшіру өрісін пайдаланып индукциялық плитаны өшіре аласыз, бірақ жұмысты жалғастыру үшін плитаны бұғаттан шығару керек.

Қызып кетуден қорғау

Кіріккен температура сезгегі индукциялық пісіру панелінің ішіндегі температураны қадағалауға мүмкіндік береді. Тым жоғары температура анықталғанда индукциялық пісіру панелі автоматты түрде жұмысын тоқтатады. Желдеткіш индукциялық пешті тағы 1 минут салқындатуды жалғастырады.

Ұсақ заттарды табу

Плитада қате өлшемдегі заттар немесе магнитті емес материалдан жасалған таба (мысалы, алюминий) немесе кез келген басқа кішкентай зат (мысалы, пышақ, шанышқы, кілт) қалдырылған болса, плита 1 минуттан кейін автоматты түрде күту режиміне ауысады.

Автоматты түрде өшіру көмегімен қорғау

Автоматты түрде өшіру - индукциялық пісіру панеліңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін функция. Ол сіз өшіруді ұмытып кеткен жағдайда, құрылғыны автоматты түрде өшіреді. Түрлі қуаттағы жұмыс уақытының стандарт мәндері кестеде көрсетілген:

Қуат деңгейі	1-3	4-8	9-15
Стандарт жұмыс таймері (сағат)	8	4	2

Ыдыс алынып тасталған кезде, пісіру алаңы бірден қызуды тоқтатады және плита 2 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.



Жүрекширатқышы бар тұлғалар бұл құрылғыны пайдаланбас бұрын дәрігермен кеңесуі керек.

Таймерді қолдану

Таймер қолданудың екі тәсілі бар:

- Оны кері санау үшін қолдануға болады. Бұл жағдайда таймер уақыт белгіленсе, ешбір ас пісіру аймағын өшірмейді.
- Таймерді белгіленген уақыт өткен соң бір немесе бірнеше ас пісіру аймағын өшіру үшін баптауға болады.
- Таймерді 99 минутқа дейін баптауға болады.

Таймерді кері санау үшін қолдану

Егер ас пісіру орны таңдалмаса

1. Пісіру панелі өшкенін тексеріңіз.

Ескертпе: ас пісіру аймағының ешқайсысын таңдамасаңыз да, кері санау таймерін пайдалана аласыз.

2. Таймерді басқару «-» «+» өрісін түртіңіз, кері санақ индикаторы жыпылықтайды.

3. Таймердің “-” немесе “+” батырмаларын басу арқылы уақыт белгілеңіз.

Кеңес: уақытты 1 минутқа қысқарту немесе ұзарту үшін “-” немесе “+” батырмасын бір рет басыңыз.

Уақытты 10 минутқа қысқарту немесе ұзарту таймердегі “-” немесе “+” батырмасын ұстап тұрыңыз.

4. Уақыт белгіленде оны санау бірден басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі және таймер шамы 5 секунд ішінде жыпылықтайды.

5. Белгіленген уақыт аяқталғанда зуммер 30 секунд бойы дыбыстық сигнал береді, ал таймер көрсеткіші «- -» көрсетеді.

Таймерді ас әзірлейтін бір аймақты сөндіруге баптау

Бұл функция орнатылған пісіру алаңдары белгіленген уақыт өткеннен кейін өшеді.

1. Таймерді орнатқыңыз келетін пісіру алаңының таңдау өрісін түртіңіз (мысалы, 1# аймақ)
2. Таймерді басқару түймесін түртіңіз, кері санақ индикаторы жыпылықтайды.
3. Таймердің “-” немесе “+” батырмаларын басу арқылы уақыт белгілеңіз.

Кеңес:

«-» немесе «+» өрісін бір рет басу уақытты 1 минутқа азайтады немесе арттырады. Таймердің «-» немесе «+» сенсорлық өрісін түрту және ұстап тұру уақытты 10 минутқа азайтады немесе арттырады.

Егер уақыт баптауы 99 минуттан асатын болса, таймер автоматты түрде 0 минут мәніне өтеді.

4. Уақыт белгіленде оны санау бірден басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі және таймер шамы 5 секунд ішінде жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ: Қуат деңгейі көрсеткішінің қасындағы қызыл нүкте жанып, таңдалған аймақты көрсетеді.

5. Таймерді болдырмау үшін пісіру аймағын таңдауды басқару элементін түртіңіз, содан кейін «Timer» түймесін түртіңіз. Таймер жойылады, минуттық дисплейде «00», содан кейін «--» көрсетіледі.
6. Таймер әрекет ететін уақыт аяқталғанда тиісті ас пісіру аймағы автоматты түрде өшеді де, дисплейде «H» пайда болады.



Басқа ас пісіру аймақтары бұрын қосылған болса, жұмысын жалғастырады.

Таймерді бірнеше ас пісіру аймағын сөндіруге баптау

1. Бұл функцияны бірнеше пісіру алаңдары үшін пайдалансаңыз, таймер индикаторы ең қысқа уақытты көрсетеді. Қысқа таймер санауды аяқтағаннан кейін дисплейде келесі ең ұзақ таймер көрсетіледі (мысалы, №1 аймақты орнату уақыты 6 минут болса, №2 аймақты орнату уақыты 3 минут болса, таймер индикаторында «03» көрсетіледі).

ЕКСЕРТПЕ: Қуат деңгейін көрсеткіштің қасындағы жыпылықтап тұрған қызыл нүкте таймер көрсеткіші таңдалған аймақтағы уақытты көрсететінін білдіреді.

Егер басқа ас пісіру аймағында белгіленген уақытты тексергіңіз келсе, ас пісіру аймағын таңдауды басқару элементін басыңыз. Таймерде оған белгіленген уақыт көрсетіледі.

2. Таймер әрекет ететін уақыт аяқталғанда тиісті ас пісіру аймағы автоматты түрде өшеді де, дисплейде «Н» пайда болады.

ЕСКЕРТПЕ: Егер сізге таймер белгілегеннен кейін уақытты өзгерту қажет болса, 1-қадамнан бастау керек

Ас пісіру нұсқаулығы

Өртүрлі деңгейлер өртүрлі пісіру функцияларына сәйкес келеді. Әрбір қыздыру аймағы үшін пісіру функциялары жүгірткіде көрсетілген. Сіз біздің ұсыныстарымызға сүйене отырып, тағамды оңай жасай аласыз. Әрине, сіз өзіңіздің қазіргі қажеттіліктеріңізге сәйкес қуатты реттей аласыз.

Белгі	Ас әзірлеу функциясы
	Шоколадты еріту
	Баяу отта бұқтыру
	Қуыру
	Суды тез қайнату

Ас пісіру нұсқаулығы



Қуыру кезінде абай болыңыз, өйткені май өте тез қызады, әсіресе PowerBoost функциясын қолданған кезде. Өте жоғары температурада май кенеттен өртеніп кетуі мүмкін, бұл өрттің үлкен қаупін тудырады.

Ас әзірлеу бойынша кеңестер

- Тағам қайнау температурасына жеткенде, температураны төмендетіңіз.
- Пісіру уақытын азайту және жылуды сақтау арқылы энергияны үнемдеу үшін қақпақты пайдаланыңыз.
- Пісіру уақытын қысқарту үшін сұйықтықты немесе майды азайтыңыз.
- Жоғары температурада пісіруді бастаңыз және оны жылыту үшін төмендетіңіз..

Орташа қыздыру, күріш пісіру

- Қайнау температурасынан төмен, шамамен 85 ° C температурада, көпіршіктер тек анда-санда сұйықтықтың бетіне көтерілетіндей, баяу отта қайнатыңыз. Бұл дәмді сорпалар мен нәзік бұқтырылған тағамдарды дайындау үшін өте қажет, өйткені жақсы дәмге тағамды артық пісірусіз қол жеткізіледі. Сондай-ақ, сұйықтықты қайнатпай, жұмыртқа негізіндегі тұздықтарды дайындауға және оларды қалыңдатуға болады.
- Сіңіру әдісімен күріш дайындау секілді кейбір процестерде тағам кеңес берілген мерзімде дайын болу үшін ең төмен температурадан жоғарылау баптау қажет болуы мүмкін.

Стейк қуыру

Сәлді әрі иісі мұрын жаратын стейк әзірлеу:

1. Даярлау алдында етті 20 минуттай бөлме температурасында ұстаңыз.
2. Түбі қалың табаны қыздырыңыз.
3. Стейктің екі жағына май жағыңыз. Алдын ала қыздырылған табаға аздап май тамызып, үстіне ет салыңыз.
4. Әзірлеу барысында стейкті бір рет қана аударған жөн. Нақты әзірлеу уақыты оны қаншалықты қуырғыңыз келетініне байланысты. Пісіру уақыты - әр жағынан 2-ден 8 минутқа дейін. Стейктің дайындығын тексеру үшін оны түртіңіз - ол неғұрлым тығыз болса, соғұрлым ол қуырылған.
5. Стейкті қыздырылған пісіру панелінде бірнеше минутқа қалдырыңыз, сонда ол үстелге қояр алдында жұмсарып, нәзік болады.

Майға тез қуыру - стир-фрай

1. Индукцияға немесе үлкен табаға қолайлы түбі тегіс вокты таңдаңыз.
2. Қажетті ингредиенттер мен материалдарды дайындаңыз. Тағамды тез қуыру керек. Егер сізге көп мөлшерде тағам қуыру қажет болса, оны кішкене бөліктерге бөліңіз.
3. Табаны сәл қыздырып, екі ас қасық май құйыңыз.
4. Алдымен етті пісіріңіз, оны табадан шығарып, температураны сақтаңыз.
5. Көкөністерді араластыра отырып қуырыңыз. Көкөністер қуырылған, бірақ әлі де қытырлақ болған кезде, температураны төмендетіп, етті қайтадан табаға салыңыз да, тұздықты қосыңыз.
6. Барлық ингредиентті күйдіріп алмау үшін баяу араластырыңыз.
7. Бірден дастарқанға қойыңыз.

Күтім жасау және тазалау

Не?	Қалай?	Маңызды!
Әйнектегі күнделікті кірлер (саусақ ізі, тамақтан қалған дақтар немесе әйнектегі тамақ аққан іздер)	1. Пісіру панелін электр қуатынан ажырату. 2. Әйнек жылы (бірақ ыстық емес) болып тұрғанда пісіру панеліне арналған жуғыш құрал пайдаланыңыз 3. Жуып, таза шүберекпен немесе қағаз сүлгімен құрғатып сүртіңіз. 4. Пісіру панелінің қуатын қайта қосыңыз.	• Плитаның қуат көзі өшірілгенде, «ыстық бет» белгісі болмайды, бірақ пісіру алаңы әлі де ыстық болады! Өте абай болыңыз. • Қатты металл қырғыштар, нейлон ысқыштар мен қатты/абразивті жуғыш құралдар әйнекті сыруы мүмкін. Сіз қолданатын жуғыш құрал немесе ысқыш жарамды екеніне көз жеткізу үшін әрқашан заттаңбасын оқыңыз. • Ешқашан пеште тазалағыш заттардың қалдықтарын қалдырмаңыз: әйнекте дақтар пайда болуы мүмкін.
Шыныдағы қантты қайнату, балқыту және төгу	Оларды шыны керамикалық плиталарға сәйкес келетін күрекшемен, шпательмен немесе қырғышпен дереу алып тастау керек, бірақ пісіру алаңдарының ыстық беттерінен сақ болыңыз: 1. Пісіру панелін қабырғадағы сөндіргіш көмегімен электр қуатынан ажыратыңыз. 2. Пышақты немесе басқа құралды 30° бұрышта ұстаңыз және пісіру панелінің суық бөлігіне кірді немесе төгілген заттарды сүртіңіз. 3. Кір мен төгілген сұйықтықты асүй сүлгісімен немесе қағаз сулықпен сүртіңіз. 4. Жоғарыдағы «Әйнектегі күнделікті ластану» үшін 2-4 қадамдарды орындаңыз.	• Балқытылған және тәтті тағамнан қалған дақтарды немесе толып кету белгілерін мүмкіндігінше тезірек кетіріңіз. Егер әйнекте салқындауға рұқсат етілсе, оларды алып тастау қиын болуы мүмкін немесе тіпті шыны бетін біржола зақымдап алуға болады. • Кесіп алу қаупі: қырғыштың қорғаныш қақпағы ашылғанда, өткір жүзі ашылады. Өте сақтықпен қолданыңыз және қауіпсіз, әрі балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Пайдалы кеңестер

Мәселе	Ықтимал себептер	Іс-әрекеттер
Пісіру панелі қосылмайды	Қуат көзі жоқ.	Индукциялық пісіру панелі қуат көзіне қосылғанына және қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Үйіңізде не сіз тұрған ауданда электр энергиясы сөнбегенін тексеріңіз. Егер сіз бәрін тексерген соң да мәселе шешілмесе, білікті маманға хабарласыңыз.
Сенсорлық басқару элементтері жанасуға жауап бермейді.	Басқару элементтері бұғатталған.	Басқару элементтерін бұғаттан шығарыңыз. «Индукциялық пісіру панелін пайдалану» бөлімінде нұсқаулықтар берілген.
Сенсорлы элементтерді басқару қиын.	Басқару элементтерінде аздаған су қабығы болуы мүмкін немесе сіз басқару элементін саусақ ұшымен басасыз.	Сенсорлық басқару аймағының құрғақ екеніне көз жеткізіңіз және саусақпен басқару элементтерін түртіңіз.
Әйнек сырылған.	Асүй ыдысының шеті бұдырлы. Сәйкес келмейтін абразивті ысқыш немесе жуғыш құралдар қолданылады.	Тегіс және түзу түбі бар ыдыстарды қолданыңыз. «Асүй ыдысын таңдау» бөлімін қараңыз. «Күтім жасау және тазалау» бөлімін қараңыз.
Кейбір контейнерлер сықырлаған немесе шертетін дыбыстар шығарады.	Бұл ыдысыңыздың құрылымына байланысты болуы мүмкін (түрлі металл қабаттары әртүрлі діріл шығарады).	Бұл асүй ыдысы үшін қалыпты және ақау барын білдірмейді.
Тамақ сенсорлық басқару элементтеріне төгілді	1. Пісіру панелін электр қуатынан ажырату. 2. Төгілген тағамды сүртіңіз 3. Сенсорлы басқару аумағын таза ылғал ысқышпен немесе шүберекпен сүртіңіз. 4. Аймақты қағаз сүлгімен құрғатыңыз. 5. Пісіру панелінің қуатын қайта қосыңыз.	• Пісіру панелі дыбыстық сигнал беріп, өздігінен сөнуі мүмкін, ал сенсорлы басқару элементтері сұйықтық тамса жұмыс істемеуі мүмкін. Пісіру панелін қайта қоспас бұрын, сенсорлық басқару аймағын құрғатып сүртіңіз.

Мәселе	Ықтимал себептер	Іс-әрекеттер
Плита жоғары температурада жұмыс істегенде төмен шу шығарады.	Бұл тағамды индукциялық әзірлеу технологиясымен байланысты.	Бұл қалыпты жағдай, бірақ азайтқанда шу тоқтауы немесе толығымен жоғалуы керек
Индукциялық пісіру панелінен шығатын желдеткіш шуы.	Индукциялық пісіру панеліне кіріккен салқындататын желдеткіш электрониканы қызып кетуден сақтауға арналған. Ол индукциялық плитаны өшіргеннен кейін де жұмысын жалғастыра алады.	Бұл қалыпты және қандай да бір әрекет жасауды қажет етпейді. Желдеткіш жұмыс істеп тұрған кезде қабырғадағы қуат көзінен ажыратпаңыз.
Контейнерлер қызбайды және дисплейде U белгішесі пайда болады.	Индукциялық панель ыдысты анықтай алмайды, себебі ол индукциялық режимде ас пісіруге жарамайды. Индукциялық пеш табаны анықтай алмайды, себебі ол пісіру алаңы үшін тым кішкентай немесе ортасында дұрыс орналаспаған.	Индукциялық ас әзірлеуге жарайтын ыдыс қана пайдаланыңыз. «Асүй ыдысын таңдау» бөлімін қараңыз. Ыдысты ортаға қойып, табаны ас әзірлеу аймағының көлеміне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
Индукциялық пісіру панелі немесе пісіру алаңы күтпеген жерден өшіп қалды, дыбыстық сигнал естіледі және қате коды көрсетіледі. (әдетте дисплейде бір немесе екі таңба кезекпен жыпылықтайды)	Техникалық ақау.	Қателік әріптері мен сандарын жазып алыңыз, индукциялық пісіру панелін қуат көзінен ажыратыңыз және білікті маманға жүгініңіз.

Ақау көрінісі және тексеріс

Ақау анықталғанда индукциялық пісіру панелі бірден қорғаныш режиміне өтіп, тиісті қорғаныш кодтарын көрсетеді:

Проблема	Возможные причины	Действия
F3/F4	Индукциялық шарғы температурасы сезгегінің ақауы	Жеткізушіге хабарласыңыз.
F9/FA	Температура сенсоры IGBT (оқшауланған қақпа биполярлы транзистор).	Жеткізушіге хабарласыңыз.
E1/E2	Дұрыс емес қуат кернеуі	Қуат көзінің дұрыстығына көз жеткізіңіз. Қуат көзі қалпына келгеннен кейін қуатты қосыңыз.
E3	Индукциялық шарғы температурасы сезгегінің температурасы жоғары	Жеткізушіге хабарласыңыз.
E5	IGBT сезгегінің температурасы жоғары.	Пісіру панелі суыған соң қайта жүктеңіз.

Жоғарыда жалпы ақауларды анықтау және тексеру жолдары көрсетілген. Қауіпті және индукциялық пісіру панеліне зақым келтірмеу үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз.

Техникалық сипаттамалары

Салмағы мен өлшемі жобалап көрсетілген. Біз әрқашан өнімдерімізді жақсартуға тырысатындықтан, алдын ала ескертусіз техникалық сипаттамасы мен дизайнын өзгертуіміз мүмкін.

Асүйге арналған пісіру панелі	HHY-Y64BFVB / HHY-Y64WBFLB
Ас әзірлейтін аймақтар	4 аймақ
Қуаттану кернеуі және жиілігі	220-240 В~ / 380-415 В~, 50-60 Гц
Белгіленген электр қуаты	Максималды қуаты 7400 Вт
Өнім өлшемі Ұ × Е × Б (мм)	590x520x55
Кірістірілген өлшемдер А × В (мм)	560x490

Орнату


Орнату үшін құрылғы таңдау

Жұмыс бетін сызбада көрсетілген өлшемдерге сай кесіңіз.

Ойық айналасында орнату және қолдану үшін қажет 5 см-ден кем емес кеңістік қалдыру қажет.

Жұмыс бетінің қалыңдығы 30 мм-ден кем болмайтынына көз жеткізіңіз. Ыстық пластинадан шыққан жылу сәулесі салдарынан пішіні қатты өзгеруіне жол бермеу үшін жұмыс беті ретінде ыстыққа төзімді материал таңдаңыз.

Төменде көрсетілгендей.




L (мм)	W (мм)	H (мм)	D (мм)	A (мм)	B (мм)	X (мм)
590	520	55	51	560	490	не менее 50

Кез келген жағдайда индукциялық пештің плитасы жақсы желдетілетініне және ауа кірісі мен шығысы бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Индукциялық пісіру панелі төменде көрсетілгендей, жақсы жағдайда екеніне көз жеткізіңіз.



Ескертпе: Оттық пен оттық үстіндегі шкаф арасындағы қауіпсіз қашықтық кемінде 760 мм болуы керек



A (мм)	B (мм)	C (мм)	D	E
760	50-ден кем емес	20-дан кем емес	Ауа тартқыш	Ауа шығаруы 5мм

Плитаны орнатпас бұрын мыналарға көз жеткізіңіз:

- тік төртбұрыш және тегіс, ешқандай құрылым элементі кеңістікке қатысты талаптарды бұзбайтынына
- жұмыс беті ыстыққа төзімді материалдан жасалғанына
- егер пеш пештің үстіне орнатылса, пеш салқындатқыш желдеткішпен жабдықталған
- барлық габариттік талаптарға және қолданылатын талаптарға және
- қуат көзінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін тиісті ажыратқыш жергілікті нормалар мен электр қондырғыларына қойылатын талаптарға сәйкес орнатылған және орнатылған тұрақты сымдарға қосылады.

Ажыратқыштың бекітілген түрі болуы керек және барлық полюстерде (немесе барлық белсенді [фазалық] өткізгіштерде, егер жергілікті электр ережелері талаптарға осындай өзгерістер енгізуге мүмкіндік берсе) 3 мм ауа саңылауының контактілерінің ашылуын қамтамасыз етуі керек

- пайдаланушыға орнатылған пісіру панелінің сөндіргіші оңай қолжетімді болуын қамтамасыз етуге тиіс
- орнатуға күмәндансаңыз, жергілікті құрылысты бақылау кеңсесімен кеңесу керек
- жылуға төзімді және оңай тазаланатын (мысалы, керамикалық плитамен) материалмен өңдеу.

Плитаны орнатқаннан кейін мыналарды тексеріңіз:


- шкаф есігі немесе тартпасы арқылы электр қуаты кабелі жеңіл қолжетімді болмайтынына
- пісіру панелі астындағы жиһаз бөлігіне таза ауа тиімді өтетініне көз жеткізіңіз
- егер пісіру панелі тартпа немесе ыдыс-аяқ тұратын шкаф үстіне орнатылса, пісіру панелінің астында қызып кетуден қорғайтын бөгеу болу керек
- сөндіргіш пайдаланушыға қолжетімді болу керек

Бекіткіш кронштейндер орнатар алдында

Құрылғы тұрақты, тегіс бетке орнатылуы керек. Пісіру панелінен шығып тұратын басқару элементтеріне күш салмаңыз.


Кронштейннің орналасуын реттеу

Пісіру панелін орнатқаннан кейін төрт кронштейнді пісіру панелінің астына бұрандамен бекітіңіз (суретті қараңыз).



A	B	C	D
Бұранда	Тұтқа	Бұрандаға арналған саңылау	Корпустың төменгі бөлігі

Кронштейннің орнын үстелдің қалыңдығына сәйкес реттеңіз.



Назар аударыңыз

1. Индукциялық плитаны білікті қызметкерлер немесе техниктер орнатуы керек. Бізде сізге осы қызметтерді көрсетуге дайын мамандар бар. Өз бетіңізше орнатпаңыз.
2. Пісіру панелін ыдыс жуғыш машинаның, тоңазытқыштың, мұздатқыштың, кір жуғыш машинаның немесе киім кептіргіштің үстіне тікелей орнатпаңыз, себебі ылғал плитаның электроникасын зақымдауы мүмкін.
3. Индукциялық пісіру панелін жылу жақсы шығатындай орнату керек, ол төзімділігін арттырады.
4. Үстел бетіндегі қабырға мен индукциялық жылу аймағы ыстыққа төзімді болуға тиіс.
5. Кез келген зақым келтірмеу үшін көп қабатты тығыздағышпен және жабысқақ материалмен қыздыруды болдырмау керек.

Пісіру панелін қуат көзіне қосу



Пісіру панелін электр желісіне қосуды тиісті біліктілігі бар адамдар ғана орындауы тиіс.

Пісіру панелін электр желісіне қосу үшін мыналарға көз жеткізіңіз:

1. Үйдегі электр сымы пісіру панелі тұтынатын қуатқа сай екеніне.
2. Кернеу паспорт кестесінде көрсетілген мәнге сай келетініне
3. Қуат кабелінің қимасы паспорт кестесінде көрсетілген жүктемені көтере алатынына.




Пісіру панелін электр желісіне қосу үшін адаптер, өткізгіш немесе тармақтағыш қолданбаңыз, өйткені олар қызуға және тұтануға әкелуі мүмкін.


Қуат беру кабелі ыстық бөліктерге тимеуі керек және кез келген нүктесіндегі температура 75°C-тан аспайтындай етіп орналасуға тиіс.

Электрші көмегімен үйдегі электр сымдар жүйесі өзгеріссіз қолдануға жарай ма екен, тексеріңіз. Кез келген өзгерісті білікті электрші ғана енгізу керек.

Қуат беру желісіне қосу қолданыстағы стандарт немесе бір өрісті автоматты сөндіргіш қолдану арқылы орындалуға тиіс. Қосу тәсілі төменде көрсетілген. Қосу тәсілі төменде көрсетілген.



- Егер кабель зақымдалған немесе ауыстыруды қажет ететін болса, қайғылы жағдайдың алдын алу үшін сатып алғаннан кейін қызмет көрсететін маман арнайы құрал-саймандар қолдану арқылы ауыстыруға тиіс.
- Егер құрылғыны тікелей электр желісіне қосу керек болса, түйреуіштер арасында ең аз 3 мм саңылауы бар ажыратқыш орнатылуы керек.
- Орнатушы электр желісіне қосу қауіпсіздік ережелеріне сай дұрыс орындалғанына кепілдік беруге тиіс.
- Кабель иілуі немесе қысылып қалуы мүмкін.
- Кабельді үнемі тексеріп отыру керек, оны білікті мамандар ауыстыруға тиіс.



ҚАЙТА ӨНДЕУ:
Бұл өнімді
сұрыпталмаған
тұрмыстық қоқыспен
бірге тастамаңыз.
Мұндай қалдықтарды
арнайы өңдеу үшін бөлек
жинау қажет.

Құрылғы электрлі және электронды құрылғылардың қалдықтары туралы 2012/19/EU Еуропа директивасына сәйкес келетіндей таңбаланған (WEEE). Құрылғының дұрыс қайта өңделуін қамтамасыз ету арқылы сіз дұрыс утилизация жасамаған жағдайда адам денсаулығы мен қоршаған ортаға келетін кез келген ықтимал зақымның алдын алуға көмек бересіз.

Бұйымдағы символ оны қарапайым тұрмыстық қалдық сияқты қайта өңдеуге болмайтынын білдіреді. Оны электронды және электротехникалық бұйымдар жинайтын орынға апарған абзал.

Бұл құрылғы қалдықтардың арнайы утилизациясын талап етеді. Осы өнімді өңдеу, қалпына келтіру және қайта өңдеу туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті мемлекеттік мекемеге, қоқыс шығару қызметіне немесе оны сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Осы өнімді өңдеу, қалпына келтіру және қайта өңдеу туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті мемлекеттік мекемеге, қоқыс шығару қызметіне немесе оны сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Клиенттерге қызмет көрсету

Клиенттерді қолдау қызметі

Біз Haier компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ бірегей қосалқы бөлшектер пайдалануды ұсынамыз. Тұрмыстық техникада ақаулықтар туындаса, алдымен ақауларды көрсету және тексеру бөлімін қараңыз. Егер мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, мыналарға хабарласыңыз:

— ресми дилеріңізге немесе

— байланыс орталығымызға:

8-800-070-01-29 (РК)

— <https://haieronline.kz> сайтына, мұнда сіз қызмет көрсетуге өтінім қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа жүгінгенде сіз паспорттық тақтайшадан және чектен таба алатын мына ақпаратты дайындауды сұраймыз:

Үлгісі

Сериялық нөмірі

Сатылған күні



Сондай-ақ кепілдік және сату туралы құжаттары бар екенін тексеруді сұраймыз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін құрылғыны сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұйымның конструкциясы мен комплектациясына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын сақтайды.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификаты № ЕАЭС RU C-CN.АЯ46.В.12676/20 18.03.2020 бастап 17.03.2025 дейін жұмыс істейді.

Сәйкестік туралы декларация № ЕАЭС N RU Д-CN.БЛ08.В.02461/20 11.02.2020 бастап 10.02.2025 дейін әрекет етеді.

Неғұрлым толық мәліметтер берілген сәйкестік сертификаттарының және Еуразиялық экономикалық одақтың тіркелген сәйкестік декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, Қытай, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, сондай-ақ сервистік қызмет көрсетуден де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және сервистік қызмет көрсетудің шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді және тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 36 ай ішінде қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету – Өндірушінің кінәсінен туындаған бұйымның ақауларын жою тұтынушы үшін тегін. Бұл қызмет бұйым иесі тауар және кассалық чектерін, бұйымды сатып алу дерегін растаушы басқа құжаттарды көрсеткен кезде ғана көрсетіледі.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- сұқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгінін қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті және қосымша қызмет көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуга арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдылықтар;
- басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

* қосымша сервистік қызмет көрсету электрлік су жылытқыштарға, қысқа толқынды пештерге, HRB-331 модельді тоңазытқыштарға, мұздатқыштарға, газ плиталарына, шаңсорғыштарға, робот-шаңсорғыштарға, теледидарларға, теледидарлық приставкаларға, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге, ұялы телефондарға, гироскутерлерге таралмайды.

Haier

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech
Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-
тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом
8, этаж 16, офис 1601.
Тел.: 8-800-250-43-05, адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.
Тел.: 8-800-070-01-29, эл.поштаның мекенжайы:
support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы,
Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.
Тел.: 8-800-070-01-29, адрес эл. почты:
support-kz@haieronline.kz

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и
гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттаңбасында көрсетілген

